



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына**

2024 жылғы 20 наурыздағы  
№ ДС-129 депутаттық сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің зиялы қауымды ортақ мақсаттарға жұмылдыру туралы депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлаймын.

Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында Мемлекет басшысы елдің тұтастығына, ауызбіршілігіне, тарихына және ұрпаққа өнеге болатын зиялы қауымның ара-қатынасына байланысты бірқатар мәселелерді көтерді.

Қазіргі уақытта Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша идеологиялық салада қойылған міндеттерді іске асыру үшін Кешенді жоспар жобасы дайындалуда.

Кешенді жоспар қоғамның рухани құндылықтарын нығайтуға арналған алты негізгі бағыттарды қамтиды - тәуелсіздік және отансүйгіштік, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, құқықтық тәртіп, еңбекқорлық пен кәсібилік, жасампаздық пен жаңашылдық.

Жоспар әр сала бойынша еліміздің зиялы қауым мен белсенді өкілдерін ауызбіршілікке, жастардың рухани дамуына және бір ел болып жаңа ортақ құндылықтар жүйесін қалыптастыруға және дәріптеуге негізделеді.

Кешенді жоспарда көзделген іс-шаралар аға буынды және жас ұрпақты, сонымен қатар зиялы қауымды ортақ мақсатқа жұмылдырады.

Депутаттық сауалда айтылған ұсыныстарды Сіздермен бірлесіп талқылауға мүдделі екенімізді жеткіземіз.

Аталған бағыттағы жұмыс жалғасатын болады.

**О. Бектенов**